

ҒТАХР: 21.80.14

<https://orcid.org/0000-0001-6162-3154>

<https://orcid.org/0000-0002-9246-1444>

<https://orcid.org/0000-0001-8935-8272>

Байдуллаева Р.Ш.*, Байрханова К.С., Қысмуратова Ж.Т.

филолог.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан

РЕАЛИЙ-ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

*Автор-корреспондент: raikhan.baidullaeva@uezov.edu.kz

Түйін: «Реалийлер - басқа тілдерде сәйкес бірлігі жоқ, сол тілдің тұрмысында ғана кездесетін және сол тілге ғана тән ерекше сөздер мен тіркестердің жиынтығы». Реалий – бұл белгілі бір халықтың өміріне, өнеріне, тарихына, материалдық және рухани мәдениетіне қатысты ұғымдар. Реалий сөздерді аударуда ұлттық және тарихи өзгешеліктерді дәлме-дәл қамтып, толық жеткізу бүгінге дейін аударманың негізгі міндеттердің бірі болып келген. Көптеген тілші-ғалымдар өз ғылыми еңбектерінде «реалия» терминін емес, «эквивалентсіз лексика» атауын қолданып жүр. Алайда «реалий» ұғымын «термин» ұғымынан бөліп қарастыруды ұсынатын ғалымдарымыз да бар. Реалий сөздер, әсіресе, көркем шығармаларды өте жиі қолданылады. Олар белгілібір халықтың тұрмысымен, мәдениетімен, болмысымен тығыз байланысты. Олар өз халқының тілі үшін қалыпты, жалпылық сипатта қолданылса, ал өзге тілдер үшін жат болуы мүмкін. Ешқандай ұлттық бояуы мен реңкі жоқ терминдер жасанды түрде жасалады және олар негізінен ғылым саласында қолданылады. Мұндай терминдер тек зат пен құбылысты атау үшін ғана жұмсалады.

Кілт сөздер: реалий, мораль, интеллект, дигрессия, лексика, функция, эквивалент

МРНТИ: 21.80.14

<https://orcid.org/0000-0001-6162-3154>

<https://orcid.org/0000-0002-9246-1444>

<https://orcid.org/0000-0001-8935-8272>

Байдуллаева Р.Ш.*, Байрханова К.С., Қысмуратова Ж.Т.

к.филолог.н., старший преподаватель, ЮКИУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

старший преподаватель, ЮКИУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

старший преподаватель, ЮКИУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

РЕАЛИИ-СПОСОБЫ ПЕРЕВОДА ТЕРМИНОВ И ВЛИЯНИЕ ПРАГМАТИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ

*Автор-корреспондент: raikhan.baidullaeva@uezov.edu.kz

Аннотация: Реалии - это набор уникальных слов и фраз, которые не имеют соответствующего единства в других языках, встречаются только в быту этого языка и уникальны для этого языка». Реалии-это понятия, относящиеся к жизни, искусству, истории, материальной и духовной культуре определенного народа. В переводе Реалий одной из основных задач перевода до сих пор является точное изложение национальных и исторических различий. Многие ученые-репортеры используют в своих научных трудах не термин «реалия», а название «неэквивалентная лексика». Однако есть ученые, которые предлагают отделить понятие «реалий» от понятия «термин». Реалии слова особенно часто используются в художественных произведениях. Они тесно связаны с бытом, культурой, бытием известного народа. Они могут быть нормальными для языка своего народа, общепринятыми и чуждыми для других языков. Термины, не имеющие национальной окраски и оттенка, создаются искусственно и используются в основном в области науки. Такие термины

используются только для обозначения вещества и явления.

Ключевые слова: реалий, мораль, интеллект, дигрессия, лексика, функция, эквивалент

IRSTI: 21.80.14

<https://orcid.org/0000-0001-6162-3154>

<https://orcid.org/0000-0002-9246-1444>

<https://orcid.org/0000-0001-8935-8272>

Baydullayeva R.S., Bayr Khanova K.S., Kysmuratova Zh.T.*

candidate of philological sciences, senior lecturer, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

senior lecturer, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

senior lecturer, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

REALITIES-WAYS OF TRANSLATING TERMS AND THE INFLUENCE OF PRAGMATIC FACTORS

***Corresponding author:** raikhan.baidullaeva@aeuzov.edu.kz

Abstract: Realities are a set of unique words and phrases that do not have a corresponding unity in other languages, are found only in the everyday life of this language and are unique for this language. Realities are concepts related to the life, art, history, material and spiritual culture of a certain people. In the translation of Realities, one of the main tasks of translation is still an accurate presentation of national and historical differences. Many scientists-reporters use in their scientific works not the term «reality», but the name «non-equivalent vocabulary». However, there are scientists who propose to separate the concept of «realities» from the concept of «term». The realities of the word are especially often used in works of fiction. They are closely connected with the life, culture, and existence of a famous people. They may be normal for the language of their people, generally accepted and alien to other languages. Terms that do not have a national coloring and shade are created artificially and are used mainly in the field of science. Such terms are used only to refer to substances and phenomena.

Key words: reality, morality, intelligence, digression, vocabulary, function, equivalent

Кіріспе

Мемлекеттің тұтастығы мен тәуелсіздігін тұрақтандырудың негізгі факторларының бірі - ұлттың біртұтастығы мен ынтымағы. Ал ұлттың ыдырамыс тұтастығы, мызғымайтын бірлігі, шындап қарағанда, ел тілінің тұтастығы мен оның қолданылу өрісінің кеңдігімен тығыз байланысты екені айқын. Себебі ұлтты ұйыстырып, оны басқа халықтан ерекшелігі мен айырмашылығын анық көрсететін басты өлшемі де, негізгі тірегі де, әрине, тілі, нақты айтсақ, ұлттық әдеби тіл екені белгілі. Ал әдеби тілді тұтынушылар - ұлттық, дәстүрлі мәдениеттің өкілі, тұтынушысы. Сондықтан сөз мағынасының мәдени, ұлттық танымдық компоненттерін меңгеретін орта ұлттық сана мен тілді жасайды [1,6].

XX ғасырдың соңында ғасырлар мен мыңжылдықтар тоғысында әлемнің гуманитарлық білімінде аударманы зерттеуге әсер еткен парадигмалардың ауысуы орын алады. Қазіргі аударма ғылымында екі басым парадигма туралы айтуға болады: лингвистикалық және мәдени-философиялық [2,4]. Лингвистикалық парадигма аударманың классикалық теориясын қамтиды және оның аясында аударманы «тілдердің салыстырмалы қызметі» ретінде математикалық қатаң (мүмкіндігінше) сипаттау және түсіндіру әрекеттері жасалды.

Бұл жерде В.Н.Комиссаровтың: «Аударма - бұл үлкен табиғи лингвистикалық эксперимент, оның барысында тілдер мен олардың элементтері теңестіріліп, қарым-қатынас процесінде бір-бірін алмастырады. Ол ішінара қауымдастықтың немесе ұқсастықтың маңызды принципіне негізделген, ол оппозиция принципімен қатар тілдік құрылымның негізі ретінде қарастырылуы мүмкін»,— деген пікірімен келіспеуге болмайды [3,5]. Аударманың лингвистикалық теориясында зерттеудің негізгі әдісі аударма жағдайына қатысатын тілдердің белгілерін салыстырмалы-салғастырмалы талдау болып табылады.

Мәдени-философиялық парадигма аясында аударма тіл мен мәдениет, аударманың мәні, аударма, тіл және ұлт және т. б. сияқты жаһандық проблемалардың бөлігі ретінде қарастырылады.

Мұндағы аударма дуализмі немесе мағыналық ізденіс пен мақал-мәтелдердің баламасы аударма мағынасының бүкіл тарихынан өтеді. Бұл дуализмнің пайда болу себебі-аударма процесінде екі мәдениеттің соқтығысуы немесе диалогқа түсуі: түпнұсқа мәдениеті және аударма мәдениеті [2,4].

Зерттеу мақсаты: Реалий-терминдерді аудару тәсілдерін, сондай-ақ аударма шешімдерін анықтайтын лингвистикалық және экстралингвистикалық (прагматикалық) факторларды анықтау болып табылады.

Зерттеудің міндеті: реалий-термин ұғымын анықтау, оның маңызды сипаттамаларының өлшемдерін таңдау; бастапқы және аударылған мәтінді салыстырмалы талдау барысында алынған баламаларды аударма нормасы тұрғысынан зерттеуге және реалий-терминдерді аудару тәсілдерін анықтау.

Зерттеу әдістері: зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес сипаттама тұрғыдан зерттеу, жүйелеу әдістері қолданылды.

Теориялық талдау

Материалдар мен әдістер

Кейінгі кездері баспасөз беттерінде шетелдік сөздердің ұлттық тілімізде мағыналық-реңктік баламасы бола тұра, орыс тілінен калька жасау арқылы сөз қалыптастыру кең тарап барады. Мысалы: «как две капли воды // егіз тамшыдай», «лить воду на мельницу // диірменіне су құйды», «к счастью // бақытымызға орай», «полуостров//жарты арал», «долг платежом красен // борыш өтеумен көркем» деген калькалық аудармаларды ұлттық дүниетанымнан мүлдем алшақ аудармалар ретінде қарауға болады. Мәселен, орыс тіліндегі бұл сөздердің қазақ дүниетанымында қалыптасқан мынадай тіркестер мен сөздер бар: егіз козыдай, отқа май құйды, бағымызға қарай, түбек, қарыз, қарызды өтеу - парыз.

Тиісінше, аудармашы әрқашан аударма мәтінін бейімдеу стратегиясын таңдауға тап болады. Лингвомәдени бейімделу стратегиясын таңдау мәселесі аударма теориясы мен практикасындағы ең өткір мәселелердің бірі болды және болып қала береді. Алайда, біздің ойымызша, бұл мәселені тек аударма деп санауға болмайды, ол лингвомәдени және лингвофилософиялық болып табылады, өйткені ол тіл мен мәдениеттің арақатынасы, тіл мен ойлаудың арақатынасы, түсіну проблемаларына қатысты.

Бұл аударманың «полярылық» стратегиясын (сөзбе-сөз және еркін аудармалар) және сәйкесінше аудармашының «көріну» - «көрінбеу» дихотомиясын тудырған аударма дуализмінің философиясын зерттеуге бағытталған ғылыми еңбектердің өзектілігін айқындайды.

Мәселен, «Элегантно» сөзінің уикипедиялық сөздіктегі аудармасына қарасақ: – нареч. [әдемі](#); [әсем](#); [кербез](#); [сәнді](#); [сырбаз](#); элегантно одеваться → әдемі киіну; кербез киіну; сәнді киіну – деп берілген.

Ал орыс тіліндегі түсіндірмесіне көңіл аударсақ, оның жай ғана үстеу сөз емес, тұтас этика-эстетикалық категория ретінде ұғынылатынын көреміз: «Элегантность (от [фр.](#) élégant, «изысканный, грациозный, утончённый, изящный») – [этико-эстетическая](#) категория, выражающая [цивилизованную красоту](#) с консервативным отсылком к классике [XVIII-XIX века](#). Характеризуется благородной простотой, спокойствием, расслабленностью, строгостью и плавностью. Ассоциируется с [роялем](#), [костюмом](#), вечерним платьем, женскими шляпками» [4,62].

«Элегантно» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы жай ғана сындық мағынаны берсе, ал орыс тілінде оның тұтас ұғымды, этика-эстетикалық категорияны білдіретінін көреміз.

Бұдан біз мәдениеттің тілдегі көрінісін байқаймыз. Тіл – ұлттың дүниетанымын,

дәстүрі мен салт-санасын, құндылықтар нормасы мен жүйесін, мәдениеті мен руханиятын бейнелейді. Бұл құбылыс тілдің барлық деңгейлерінде, әсіресе лексикалық қабатында ерекше көрініс тапқан. Тіл мен мәдениеттің өзара арақатынасынан туындаған мәдени семантиканы танытатын тілдік таңбалар сол ұлттың тілдік тұлғасының таным-түсінігі мен пайымдау дәрежесінен туындайды. Мәтіннің ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсетуде реалийлердің маңызы ерекше.

«Реалийлер – басқа тілдерде сәйкес бірлігі жоқ, сол тілдің тұрмысында ғана кездесетін және сол тілге ғана тән ерекше сөздер мен тіркестердің жиынтығы». Реалий – бұл белгілі бір халықтың өміріне, өнеріне, тарихына, материалдық және рухани мәдениетіне қатысты ұғымдар. Реалий сөздерді аударуда ұлттық және тарихи өзгешеліктерді дәлме-дәл қамтып, толық жеткізу бүгінге дейін аударманың негізгі міндеттердің бірі болып келген.

Көптеген тілші-ғалымдар өз ғылыми еңбектерінде «реалия» терминін емес, «эквивалентсіз лексика» атауын қолданып жүр. Алайда «реалий» ұғымын «термин» ұғымынан бөліп қарастыруды ұсынатын ғалымдарымыз да бар. Реалий сөздер, әсіресе, көркем шығармаларды өте жиі қолданылады. Олар белгілі бір халықтың тұрмысымен, мәдениетімен, болмысымен тығыз байланысты. Олар өз халқының тілі үшін қалыпты, жалпылық сипатта қолданылса, ал өзге тілдер үшін жат болуы мүмкін. Ешқандай ұлттық бояуы мен реңкі жоқ терминдер жасанды түрде жасалады және олар негізінен ғылым саласында қолданылады. Мұндай терминдер тек зат пен құбылысты атау үшін ғана жұмсалады.

Барлық реалийлерді екі үлкен топқа бөлуге болады. Бірінші топқа аударма мәтінін алушыға белгілі реалийлер кіреді. Қабылдаушы мәдениетте мұндай шетелдік ұғымдар көбінесе олардың атауларымен бірге алынады және аударма тілі жүйесінде берік орныққан сөздермен ұсынылады. Мұндай реалийлер адам қызметінің барлық салаларында бар.

Спорт: фристайл, бодибилдинг, сноуборд, плей-офф. Компьютерлер: ноутбук, файл, интерфейс, браузер.

Саясат: импичмент, PR, инаугурация. Бизнес: спонсор, офис-менеджер, консалтинг, маркетинг, прайс-лист, бутик, рэкет.

Кино және БАҚ: Кастинг, продюсер, саундтрек, триллер, медиахолдинг.

Тамақтану: фаст-фуд, биг мак, чизбургер, гамбургер, хот дог.

Телекоммуникация: роуминг, СМС (SMS-short message service).

Бұл сөздер біздің күнделікті тұрмысымызға тереңдеп еніп кеткені соншалық, олар бүгінде реалий ретінде қарастырылмайды.

Екінші, неғұрлым үлкен топқа аударма мәтінін қабылдаушы толық немесе мүлдем түсінбейтін реалийлер жатады. Мысалы, ағылшын тіліндегі «Red Chamber» сөзі орыс тілінде «Красная Палата», қазақ тілінде «Қызыл палата» деп аударылып қолданылып жүр. Алайда бұл сөздің «Канада парламентінің жоғарғы палатасы» дегенді білдіретінін көптеген оқырманның білмеуі мүмкін. Сондай-ақ, «Қызыл фурия» жетінші мәрте қатарынан Еуропа чемпионатына жолдама алып отыр» деген сөйлемдегі «Қызыл фурия // «La Furia Roja // Красная фурия» сөзінің футболдан Испания ұлттық құрама командасының атауы екенін қалың көпшілік біле бермейді. Мұндай түске қатысты атауларды шетелдік ұлттық және клубтық командалардан көптеп кездестіруге болады.

Кез келген халықтың әлеуметтік-мәдени айырмашылықтары болады. Мұндай ерекшелікке әр ұлттың төл тарихи деректерін, мемлекеттік құрылымы мен географиялық ортасын, аталған ұлттың мәдени-сазды аспаптарын, халық ауыз әдебиеті мен ұлттық танымын жатқызуға болады.

Аударматану ғылымында реалийлерге ұлттық тұрмыс пен болмыстың, құбылыстар мен ұғымдардың, ұлттық бұйымдар мен тағамдардың атауларын жатқызумен шектелмейді, сонымен қатар олардың мәнін білдіретін сөз тіркестері мен терминдерді де жатқызады. Реалийлердің мәні мен ұлттық ерекшелігін көрсететін, тілімізде эквиваленті жоқ тілдік

единицаларды жатқызады.

Көптеген зерттеушілер реалийлерді аударуға болмайтын сөздер тізбегіне жатқызады, оның мәні мәнмәтінде ғана ашылатындықтан, ол сөздерге қатысты «аудару» сөзін пайдалану тек шартты деп есептейді. Бүгінгі күнде аударматану ғылымында «реалийлерді аудару» терминімен бір қатарда «реалийлерді жеткізу» термині де қолданылып жүр. Дегенмен, бұл терминдерді тәржімалау аударма тілінде тура баламаларды табумен ғана шектеліп қалмайды. Бұл дегеніміз – «мәдени сәйкестікті, концептіні зерделеу, түпнұсқадағы ұлттық және тарихи колоритті аударма тіліндегі құралдар арқылы пішінін, мазмұнын жеткізуден тұратын күрделі ойлау үдерісі. Сондықтан да реалийлерді өзге тілге аудару осы лексикалық бірліктердің ұғымдық мазмұнын жеткізу мен олардың функционалдық-стильдік сипаттарын теңестіруді қамтитын едәуір күрделі міндетке айналады. Сөздерді ұлттық колоритінен айырмас үшін, жоғарыда айтылып кеткен транскодтауды қолданады» [5,157].

Нәтижелер мен талқылау

Аударма үдерісі әрбір нақтылы коммуникативтік жағдайда дамиды деген факторлардың бірлігімен белгіленеді. Факторлар табиғатынан заңды немесе кездейсоқ, объективті немесе субъективті болуы мүмкін.

«Аудармаға әсер ететін факторлар коммуникативтік актінің әртүрлі компоненттерінен туындайды:

- коммуникацияға қатысушылардың өзіндік ерекшелігінен;
- коммуникация кезінде пайдаланылған тілдік құралдардың ерекшеліктерінен;
- объективті шындықтың ерекшеліктерінен» [6,28].

Әртүрлі факторлар арасындағы түрлі қатынасстардан аударманың жеке өзгешеліктері қалыптассады, нақтылы мәтін бөліктерінен және тұтас текстен аударманың эквиваленттік деңгейі айқындалады. Факторларды анықтау аударма үдерісінің заңдылығы мен аударманы өзгешелендіруді таңдау заңдылықтарын белгілеуге көмектеседі.

Объективтік шындыққа тірелетін факторлар аса көп болмайды, себебі берілетін тілден тысқары шындық, олар меңгерген тілдерге қарамайды, барша тілді тұтынушыларға бірдей болады. Өзара сәйкестірілген табуға қиыншылықтар автор мен ақпаратты қабылдаушының аударма тіліндегі объективті жағдайлары туралы идеяның барлық уақытта ортақ бола алмайтындығынан туындайды.

Әрбір халықтың тұрмысы мен өмір тіршілігіндегі, олардың мәдени дәстүрі мен салттарындағы өзгешеліктер сол тілге ғана тән және өзге мәдениет пен тұрмысты қамтитын тілдерде баламасы табылмайтын лексикалық бірліктің пайда болуына соқтырады. Соның нәтижесінде, біз аударма барысында белгілі бір мәдени элементтер, яғни реалий деп аталатын сөздерді кездестіреміз.

«Реалия – бір халықтың өміріне (тұрмысына, мәдениетіне, әлеуметтік және тарихи дамуына) тән және басқасына жат объектілерді атайтын сөздер мен сөз тіркестері» [6,19].

Тілдік деректерге қарасақ, адамзат әрекетінің салалары сияқты реалий түрлері де сан алуан. Қолданылу аясына қарап, реалийлерді «географиялық, этнографиялық, қоғамдық-саяси және тарихи» – деп бөлуге болады [6,20].

Географиялық реалийлер физикалық географиямен және оның тарауларымен тығыз байланыста қарастырылады:

- Құрлық, шөл (қаз.);
- Тайга, тундра (рус.);
- Edinborough, Columbia (ағыл.).

Этнографиялық реалийлер – әрбір халықтың тұрмысын, тіршілігін, болмысын, мәдениеті мен материалдық мәдениетінің нысандарын, әдет-ғұрыпын, дінін қамтиды да, рухани мәдениетті зерттейтін ғылымға төмендегі ұғымдар жатады:

- Құйрық-бауыр, киіз үй, той, наурыз көже, қыз ұзату (қаз.);

• *Лапти, дача, пельмени, хоровод, субботник (орыс.) – шабата, саяжай, тұшпара, хормен жүру, сенбілік;*

• *Kleptocacy, skateboarding, whisky, polo coat, double-decker (ағыл.) – ұрылар элитасы, роликті тақтада сырғанау, виски, спорттық үлгідегі пальто, екі қабатты автобус;*

• *Boyabaisse, TGV (фр.) – провансаль балық сорпасы;*

• *Фахверхаус (нем.) – көрінетін арқалықтары бар ортағасырлық құрылыс.*

Қоғамдық-саяси реалиялар әлеуметтік өмірдің, саясаттың, мемлекеттік құрылымның ерекшеліктерін көрсетеді:

• *Мәжіліс, үкімет, құрылтай, төлеңгіт, хан, қожжа, сұлтан (қаз.);*

• *Губерния, большевики (орыс.) – губерния, большевиктер;*

• *Deescalation, Hercules missile, Land-based missile, Rapid Deployment Force (ағыл.) – деэскалация, «Геркулес» зымыраны, жер бетінде орналасқан зымыран, жылдам өрістету қуштері.*

Реалиялар баламасыз лексика қатарына кіреді, өйткені олардың басқа тілдің лексикалық бірліктері арасында толық немесе ішінара баламалары жоқ. Дегенмен реалий ұғымының аясы баламасыз лексика ұғымының аясына қарағанда кеңірек болады, себебі оның қолданылу аясы аудармамен шектелмейді. Мысалы, тайга – орыс табиғатының даласы, субботник, сменная газета, ударный труд – кеңестік кезең өмірінің реалиясы, пельмень, ши - орыс тағамдарының реалиясы және т. б.

Баламасыз лексика ұғымы аударма тілі тұрғысынан реалияны көрсететін лексикалық бірліктерді қабылдау аспектісін қамтиды. Аударма тілінде реалияға қарама-қарсы құбылыс пайда болады, түпнұсқасы – лакуна. Лакуна – аударма тілінде бастапқы тілдің белгілі бір реалиясын көрсету үшін эквивалент бірлігінің болмауы [7,104].

Баламасыз лексика мен басқа тілдің сөздігінде тұрақты сәйкестіктері бар бірліктер арасында нақты шектеу сызығын әрдайым сызу мүмкін емес. Қазіргі әлемде тез дамып келе жатқан ақпарат алмасудың, сондай-ақ тілдер мен мәдениеттер арасындағы тығыз байланыстың арқасында лакуналардың қатарынан сөздер тұрақты түрде шығып тұрады. Аудармашыға одан да көбірек реалияларды, жалқы есім және географиялық атауларын, беру кезінде шешім іздеудің қажеті жоқ. Бірнеше рет қолданған кезде, шет тіліндегі реалиялар алдымен окказионал (бір реттік сөз қолдану) эквивалентті алады, содан кейін олар көрнекі, яғни тұрақтыға өтеді. (Мысалы - Лондон, Moscow, «Дейли Телеграф», Кембридж және т.б.) [8,64].

Қорытынды

Жалпы алғанда, қазіргі кезеңде баламасыз лексика санатына жаңа пайда болған (жаңа корпорациялардың, бұқаралық ақпарат құралдарының атаулары және т.б.) немесе басқа тілде сөйлейтіндер үшін мәдениеттердің алыстығына байланысты сирек кездесетін атаулар мен жалқы есімдер жатады, мысалға, біздің өмірімізге біртіндеп еніп жатқан қытай мәдениетінің реалиялары (Фэн шуй).

Тілде дайын баламалар болмаса, тиісінше аудармашы екі тілдегі мағынаны сәйкестендіруге, реалийлерді беру барысында жаңа сөздерді табуға мәжбүрлейді. Реалийлерді тәржімалау үдерісінің тәжірибеде қалыптасқан дәстүрлер мен талаптары бар, бұл процесс осы талаптарға бағынады. Реалийлерді аударудың бірнеше әдіс-тәсілдері бар: *транскрипсия, транслитерация, калька жасау, семантикалық неологизмді табу, реалийді реалиймен ауыстыру, болжамды аударма жасау.* Бұл аталған әдіс-тәсілдер әдетте аударма теориясында лексикалық түрлендірулерге жатқызылып жүр.

Реалийлерді тәржімалау үдерісінің тәжірибеде қалыптасқан дәстүрлер мен талаптары бар. Реалийлерді аударудың кейбір жолдары:

• транскрипция;

- транслитерация;
- калькалау;
- семантикалық неологизмді құру;
- реалияны реалияға ауыстыру;
- болжалды аударма.

Транскрипция мен транслитерация кезінде шет тіліндегі реалияның семантикалық жоспары ашылмайтынын атап өткен жөн. Бұл екі әдіс те сөздің ресми бейнесін (дыбыстық немесе графикалық) сақтауға бағытталған және тілдік емес құбылыстың мәні туралы ақпарат бермейді. Көрсетілген себептерге байланысты транскрипция мен транслитерацияны қолданған жағдайда, әңгіме аудару туралы емес, тек реалия атының берілуі туралы болуы керек. Аударманың теориясы мен практикасы, лингвомәдениеттану пәндерін оқытуда, түрлі арнаулы тілдік курстар мен семинарларды жүргізуде қолдануға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алпысбаев Қ.Қ., Қазыбек Г.Қ. Қазақ аудармасының теориясы мен тәжірибесі. Алматы, 2001. 248 б.
2. Маралбек Е. Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы: Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2020. 220 б.
3. Виноградов В.С. «Введение в переводоведение» Москва. 2001. 257 б.
4. Дмитриева Л.Ф., Кунсевич С.Е. Английский язык курс перевода. Москва, 2005. 286 б.
5. Казакова Т.А. Практикум по художественному. Санкт-Петербург, 2003. 222 б.
6. Казакова Т.А. Практические основы перевода. Санкт-Петербург, 2002. 176 б.
7. Комиссаров В.Н. Слово о переводе. Москва. Международные отношения, 1973. 245 б.
8. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода. Проблемы переводоведения в освещении зарубежных ученых. Москва, 2000. 267 б.

Referens list:

1. Alpysbaev Kh. Kh., Khazibek G.Kh. Khazak audarmasinin teoriyasi men tajiribesi. Almati, 2001. 248 b.
2. Maralbek E. Molsher kategoryasinin tarikhi paradigmasi: Filosofiya doktori darejesin alu ushin dayindalghan dissertaciya. Almati, 2020. 220 b.
3. Vinogradov V.S. Vvedeniye v perevodovedeniye. Moskva, 2001.257 b.
4. Dmitriyeva L.F., Kunsevich S.E. Angliyskiy yazyk kurs perevoda. Moskva, 2005. 286 b.
5. Kazakova T.A. Praktikum po khudozhestvennomu. Sankt-Peterburg, 2003. 222 b.
6. Kazakova T.A. Prakticheskiye osnovy perevoda. Sankt-Peterburg, 2002. 176 b.
7. Komissarov V.N. Slovo o perevode. Moskva. Mezhdunarodnyye otnosheniya, 1973. 245 b.
8. Komissarov V.N. Obshchaya teoriya perevoda. Problemy perevodovedeniya v osveshchenii zarubezhnykh uchennykh. Moskva. 2000. 267 b.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) Байдуллаева Райхан Шарипбековна – «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының ф.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
+7 (701) 476-1740, raikhan.baidullaeva@aeuzov.edu.kz